

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1712 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 1 тамыз N 1204. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.05.31. N 741 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарларды, соның ішінде көлік құралдарын да өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1712 P961712\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 53, 512-кұжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының кеден

шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарларын өткізудің тәртібі туралы ережеде:

9-тармақтағы "кедендік құндарының 15 проценті мөлшеріндегі бірыңғай ставка бойынша, бірақ килограммына 2 экюден кем емес" деген сөздер "кедендік құндарының 30 проценті мөлшеріндегі бірыңғай ставка бойынша, бірақ килограммына 1 экюден кем емес" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі